



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Кейбір коллекциялық монеталарды кассадан алып кету мүмкіндігі туралы

Астана қ.

2025 жылғы 23 қыркүйек



Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкенінде сатылатын бірқатар коллекциялық монетаны **2025 жылғы 24 қыркүйектен** бастап кассадан алып кетуге болатынын хабарлайды.

Сатып алушылар монетаны алудың өзіне ыңғайлы әдісін, яғни көрсетілген мекенжайға жеткізуді немесе ҚҰБ-тың аумақтық филиалынан алып кетуді таңдай алады.

Бұл қағиданың жаңадан шыққан монеталарға қатысы жоқ екенін ескертеміз. Қазіргі тәртіпке сәйкес, тек салмағы ауыр және аса құнды **жаңадан шыққан монеталарды** кассадан алып кету мүмкіндігі қарастырылған. Бұл монетаны жеткізу кезінде зақымдап немесе жоғалтып алудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Мына коллекциялық монеталарды кассадан алып кету әдісі арқылы сатып алуға болады:

### «JETI QAZYNA» блистер жиынтығы



Блистер жиынтығы номиналы 200 теңгелік мельхиор қоспасынан дайындалған бір JETI QAZYNA коллекциялық монетасынан және номиналы 100 теңгелік brilliant uncirculated сапасымен нибрасс/нейзильбер қоспасынан дайындалған жеті биколорлы айналыстағы ER JIGIT, SULÝ ÁIEL, QUMAI TAZY, AQYL BILIM, BEREN MYLTYQ, JÚIRIK AT, QYRAN BÚRKIT монетасынан тұрады.







## «Қар барысы» кәдесый блистер жиынтығы



*«Қар барысы» кәдесый блистер жиынтығында ұлттық валютаның айналыстағы монеталары жинақталған.*

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

**+7 (7172) 77 52 10**

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)